

## МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУ: ANDROID STUDIO НЕГІЗІНДЕ ӘЗІРЛЕУ

Сабырғалиева Алима Сәлімжанқызы

[alimaalima1604@gmail.com](mailto:alimaalima1604@gmail.com)

«Информатика» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, магистр – **Наурызова Н.Қ.**

Қазіргі таңда шет тілдерін үйрену қажеттілігі күннен-күнге артып келеді. Әсіресе, ағылшын тілі – халықаралық қарым-қатынас, білім және технология салаларында жетекші тіл болып табылады. Көптеген адамдар ағылшын тілін меңгеру үшін онлайн курстар мен мобильді қосымшаларды пайдаланады. Осындай қосымшалар оқыту үдерісін жеңілдетіп, тиімді етеді.


Мобильді қосымшаларды әзірлеу үшін қолданылатын ең танымал платформалардың бірі – Android Studio. Бұл платформа Android операциялық жүйесі үшін қосымшалар жасауға мүмкіндік беретін ресми дамытушы ортасы (IDE). Android Studio көмегімен ағылшын тілін үйретуге бағытталған заманауи, ыңғайлы және интерактивті қосымшаларды жасауға болады. Бұл мақалада Android Studio көмегімен ағылшын тілін үйрету қосымшасын жасаудың негізгі кезеңдері қарастырылады және қажетті құралдар мен әдістер баяндалады [1].

Android Studio – Google компаниясы әзірлеген және Android операциялық жүйесіне арналған қосымшаларды жасауға мүмкіндік беретін ресми интеграцияланған дамыту ортасы (IDE). Бұл құрал қолданушыларға қолданбаларды құру, тестілеу және орналастыру үшін қажетті барлық мүмкіндіктерді ұсынады. Android Studio Java, Kotlin және XML тілдерінде код жазуға мүмкіндік береді, сонымен қатар қосымшаны графикалық интерфейс арқылы жобалауға да болады [2].

Android Studio көмегімен бағдарламашылар мобильді қосымшалар жасай алады, олардың функционалдығын тексере алады және өнімділікке оңтайландыру жұмыстарын жүргізе алады. Бұл ортада эмуляторлар, логтарды қарау, ақауларды түзету және қосымшаны Google Play-ге жариялау құралдары бар [3].

Қосымша келесі негізгі беттерден тұрады:


1. Кіру және тіркелу беттері: Пайдаланушылардың аккаунттарын құруға және жүйеге кіруге мүмкіндік береді (сурет 1).
2. Басты бет: Оқытылатын материалдар мен сабақтарға жылдам қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
3. Сабақтар бөлімі: Ағылшын тілін үйренуге арналған интерактивті материалдардан тұрады.
4. Тесттер бөлімі: Қолданушылардың білім деңгейін бағалау үшін тест тапсырмалары енгізілген.
5. Пайдаланушы профилі: Жеке ақпаратты көрсету, байланыс мәліметтері мен оқыту статистикасын бақылау мүмкіндігі бар.



Сурет 1 – Қосымшаның алғашқы беті

Қолданушыға ыңғайлы болу үшін қосымшаның интерфейсі қарапайым әрі түсінікті етіп жасалды. Тіркелу мен кіру беттері минималистік стильде орындалған, пайдаланушыдан email және құпиясөз енгізуді талап етеді.

Тіркелгеннен кейін пайдаланушы өзінің жеке кабинетіне кіре алады, онда оның байланыс мәліметтері, білімі, және орналасқан жері көрсетіледі. Қосымшадағы сабақтар мен тесттер бөлімдері UX/UI дизайн талаптарына сай жасалып, қолданушының оқу процесін жеңілдетуге бағытталған (сурет 2).



Сурет 2 – Тіркелу беті

Қосымшаға пайдаланушы өз электрондық поштасы арқылы тіркелгеннен кейін Ағылшын тіліндегі сабақтар тізімі бар жаңа бет ашылады. Көрсетілген тақырыпшалардың әрқайсысында видеосабақтар мен аудиосабақтар қарастырылған. Сонымен қатар әрбір тақырып ішінде қорытынды тапсырмалар қарастырылды (сурет 3).

## English Lessons

- АЛФАВИТ
- САҢДАР
- ЖАЙ ОСЫ ШАҚ ЕРЕЖЕСІ
- ЖАНУАРЛАР
- ПРЕДЛОГТАР
- ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ
- ПРОФИЛЬ

### Сурет 3 – Қосымшаның негізгі беті

Мобильді қосымшада ағылшын тіліндегі “Жай осы шақ” ережесін қарастырып өттім. Үстіңгі бөлігіне сабаққа қатысты видеосабакты жүктедім. Сабақты қорытындылау мақсатында 10 жолдан тұратын тапсырма әзірледім. Тапсырманы аяқтаған қолданушы тапсырма нәтижесін көре алады (сурет 4).

← Жай осы шақ ережесі

## PAST SIMPLE

Прошедшее неопределенное время


**Тапсырма**

1. I (wash) \_\_\_\_\_ my car the day before yesterday.
2. It (rain) \_\_\_\_\_ all day yesterday.
3. We (move) \_\_\_\_\_ to Madrid last year.
4. They (paint) \_\_\_\_\_ their house green last summer.
5. Tom (call) \_\_\_\_\_ his grandma at 10 am.
6. The kids (play) \_\_\_\_\_ football two hours ago.
7. The movie (finish) \_\_\_\_\_ at 7 pm.
8. They (open) \_\_\_\_\_ the restaurant in 2010.
9. Last weekend we (cook) \_\_\_\_\_ a paella.
10. Marta (plant) \_\_\_\_\_ these trees 5 years ago.

[Жауаптарды тексеру](#)


### Сурет 4 – Жай осы шақ ережесі

Басты бетте көрсетілген “Алфавит”, “Сандар”, “Жануарлар”, “Есімдіктер”, “Жай осы шақ ережесі” тақырыпшаларды қатыстырып қосымша соңына қорытынды тест құрдым. Бұл тестте барлығы қамтылған. Тест соңында қолданушы өз нәтижесін ала алады (сурет 5).



Сурет 5 – Қорытынды тест бөлімі

Мобильді қосымшаның авторы ретінде бір бөлігіне өзім туралы мәлімет жазып өттім. Соның ішінде WhatsApp, Instagram аккаунтарымды және байланыс нөмерін енгіздім (сурет 6).



Сурет 6 – Байланыс ақпараттары

Қорыта айтқанда, мобильді қосымшалар арқылы ағылшын тілін үйрену – заман талабына сай тиімді шешімдердің бірі. Android Studio көмегімен әзірленген бұл қосымша қолданушыларға ағылшын тілін кез келген уақытта, кез келген жерде меңгеруге мүмкіндік береді. Интерактивті тапсырмалар, тесттер және пайдаланушының оқу прогресін бақылау жүйесі оқытуды қызықты әрі нәтижелі етеді.

Қосымшаға Firebase Authentication арқылы тіркелу және кіру функциясы енгізілуі пайдаланушылардың жеке деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, әркімге жеке оқу жоспарын ұсынуға мүмкіндік береді. Болашақта қосымшаны одан әрі жетілдіру үшін жасанды интеллект негізінде ұсыныстар беру, дауыспен тану арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту және офлайн режимде жұмыс істеу сияқты мүмкіндіктер қосу жоспарлануда.

Жалпы, осындай мобильді қосымшалар дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырып, ағылшын тілін үйренуді қолжетімді, ыңғайлы және интерактивті етеді. Технологияның қарқынды дамуы білім беру саласына да оң ықпалын тигізіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда. Сондықтан, цифрлық оқыту құралдарын дамыту мен жетілдіру – болашақта да өзекті бағыттардың бірі болып қала бермек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Big Nerd Ranch. "Android Programming: The Big Nerd Ranch Guide." Pearson, 2021.
2. Mark L. Murphy. "The Busy Coder's Guide to Android Development." CommonsWare, 2020.
3. Google Developers. "Android Studio Documentation."

<https://developer.android.com/studio>

4. Firebase Documentation. "Firebase for Android Apps." <https://firebase.google.com/docs/android/setup>
5. Paul Deitel, Harvey Deitel. "Android How to Program." Pearson, 2017.
6. John Horton. "Android Programming for Beginners." Packt Publishing, 2021.